

#### 14 – сабақ тапсырмалары.

**№1.** Фермер 72 га жерге алма ағаштарын отырғызды. Бұл – оның барлық жерінің 40 % - і. Фермердің барлық жерінің ауданы неше гектар?

**№2.** Мектеп кітапханасында 2890 оқулық бар. Бұл – ондағы барлық кітаптың 85 % - і. Мектеп кітапханасында барлығы неше кітап бар?

**№3.** Мұздатқыштың 10 % - ке арзандатылғаннан кейінгі бағасы 72 900 тг. Мұздатқыштың арзандатылғанға дейінгі бағасы неше теңге?

**№4.** Саяхатшылар баруға тиісті А пунктіне дейінгі қашықтықтың түске дейін 74 % - ін жүргенде, жүрілмеген 65 км қалды. А пунктіне дейінгі қашықтық неше километр?

**№5.** Сатушы сатып алған көгөністі 14 758 теңгеге сатып, 6 % зиян шекті. Ол көгөністі неше теңгеге сатып алған?

**№6.** Тік төтбұрыштың ені 6 см, бұл оның ұзындығының 75 % - індей. Тік төртбұрыштың ауданын табыңыз.

**№7.** Автотуристер бірінші күні барлық жолдың 36 % - ін, екінші күні 39 % - ін, үшінші күні қалған 180 км жолды жүрді. Автотуристер барлығы неше километр жол жүрді?

**№8.** Оқушының үй кітапханасындағы кітаптарының  $\frac{1}{4}$  – і бірінші сөреге, 40 % - і екінші сөреге қойылған. Қалған 28 кітап үшінші сөреге қойылған. Оқушының үй кітапханасында неше кітап бар?

**№9.** Тігін фабрикасы киімнің алғашқы бағасын 5 % - ке қымбаттатты да, жыл соңында 20 % - ке арзандатып, 8 400 теңгеге сатты. Киімнің қымбаттағанға дейінгі алғашқы бағасы неше теңге?

**№10.** Сатып алынған сырдың 40 % - і бірінші бөлмені, қалғанының 60 % - і екінші бөлмені сырлауға жұмсалды. Одан қалған 1,8 кг сыр үшінші бөлмені сырлауға жұмсалады. Үш бөлмені сырлауға неше килограмм сыр жұмсалды?

**№11.** Мирас 9 жаста. Бұл оның әкесінің жасының 25 % - індей. Ал әкесінің жасы атасының жасының 60 % - індей. Атасы неше жаста?

**№12.** 425 ц қант қызылшасының бір бөлігінің 19 % - і, ал қалғанының 16 % - і қант болды. Қант қызылшасынан барлығы 74 ц қант алынды. Неше центнер қызылшасының 19 % - і қант болды?

A) 280 ц;                      B) 250 ц;                      C) 200 ц;                      D) 210 ц.